**Бекітемін:** Имаш

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**2 -апта**

**Білім беру ұйымы**: №116 орта мектеп

**Топ/сынып:МАД «б»**

**Балалардың жасы: 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 12-15 желтоқсан, 2022 оқу жылы**

| **Ұ. і. ә. кестесі** / **Күн тәртібі** | Дүйсенбі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Дене шынықтыру | Сейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>Қазақ тілі<br>Музыка | Сәрсенбі<br>Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | Бейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Қазақ тілі<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Музыка |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Сәлеметсіз бе?! Демалысың қалай өтті? | Қайырлы күн! | Қош келдің! | Сәлем, көңіл күйің қалай? |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Кешенді жаттығу. №1** | **Кешенді жаттығу. №2** | **Кешенді жаттығу. №3** | **Кешенді жаттығу. №4** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | «Амансың ба, алтын күн!»<br>Амансың ба, алтын күн!<br>Амансың ба көк аспан!<br>Амансың ба достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам | Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. | «Дос»<br>Досың сені қалдырмайды қиынға,<br>Сұрамайды сенен артық бұйым да.<br>Нағыз дос деп осыны айт,<br>Көңілдердің хошын айт! |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту** (Қыс)<br><br>**Міндеті:** «М», «Н» дыбыстарын салыстыру<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сурет салу<br>**ЕБҚ тапсырма:** Суретті аяқтау<br>**Дидактикалық ойын:** «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдынсуретін бірінші болып жалғастырып, аяқта<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** –Бүгін кімнің шығармасымен таныстық?<br>–А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған?<br>–Қандай дыбыстармен таныстық?<br>«Бас бармақ» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері** (Апта күндері)<br><br>**Міндеттері:** Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды | **1.Сауат ашу** (Дыбыстық талдау)<br>**Міндеті:** Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**ЕБҚ тапсырма:** Үзік сызықтарды бастыр<br>**Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:** № 1 жұмыс дәптері<br>**Дидактикалық ойын:** «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны<br>Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Жұлдыздар» әдісі | **1. Математика негіздері** (Жыл мезгілдері)<br>**Міндеттері:** Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету<br>. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**ЕБҚ тапсырма:** Сандарды қосу және азайту<br><br>**«Жыл бойы»** ойыны.<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту** (Қыс)<br><br>**Міндеті.** Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сурет салу<br>**ЕБҚ тапсырма:** Суретті аяқтау<br>**Дидактикалық ойын:** «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдыңсуретін | **1. Сауат ашу** (Дыбыстық талдау)<br><br>**Міндеттері:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br>**Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар**: № 1 жұмыс дәптері, қоржын<br>**ЕБҚ тапсырма:** Сызбаны сәйкестендіру<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**2. Қазақ тілі** (Ғажайып алаң)<br>**Міндеті:** Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**ЕБҚ тапсырма:** Отбасы мүшелерін айту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дамыту<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br>**ЕБҚ тапсырма:**<br>Сандарды қосу және азайту<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Менің Отаным-Қазақстан)<br>**Міндеті:** «Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br>**ЕБҚ тапсырма:** Сурет салу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Менің досым Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соңпедагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады. Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді.<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«бағдаршам» әдісі | **2. Математика негіздері** (Жыл мезгілдері)<br>**Міндеттері:** Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атауға білімдерін қалыптастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**ЕБҚ тапсырма:** Сандарды қосу және азайту<br><br>Педагог **«Бұл қашан болады?» ойынын** ұйымдастырады. Жыл мезгілдерінің белгілерін атайды.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**3. Қазақ тілі** (Менің отбасым)<br>**Міндеті:** Тақпақ,мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердіт үсініп және күнделікті өмірд еқолдана білуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br>**ЕБҚ тапсырма:**<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ә-ә-ә – әже<br>Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- ің-ің – сің-лі.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**4.Музыка** («Егеменді елім» )<br>**Міндеттері:** Әннің | бірінші болып жалғастырып, аяқта<br>**Кері байланыс, рефлексия:** –Бүгін кімнің шығармасымен таныстық?<br>–А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған?<br>–Қандай дыбыстармен таныстық?<br>«Бас бармақ» әдісі<br><br>**3. Көркем әдебиет** (Менің елімнің рәміздері)<br>**Міндеті:** Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br>Елтаңба, ту суреттері<br>**ЕБҚ тапсырма:** Рәміздердің суретін бояу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Жұмбақ ойын: «Айна». Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады.<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі | **Дидактикалық ойын:** «Тыңда, есте сақта, қайтала». Қуыршақ Сәуле сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы: менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інім бар.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бағдаршам» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Менің туған өлкем (мекен жай)<br>**Міндеті:** Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**ЕБҚ тапсырма:** Үйдің суретін салу<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**4.Музыка** («Егеменді елім»)<br>**Міндеттері:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру,<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс халық әуені |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру** («Отбасымызбен бірге жаттығамыз»)<br>**Міндеті:** Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындаушеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Жүгіру, секіру, қимылды ойындар<br>**ЕБҚ тапсырма: «Жылдам шеңберге тұр!»: Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»**<br>Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.<br>**Релаксация:** «Сиқырлы ұйқы». Музыка әуенімен демалады<br>**Рефлексия:**<br>**Кері байланыс:**<br>«От шашу» әдісі | ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар<br><br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Айна» орыс халық әуені<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі | **4.Дене шынықтыру** («Отбасымызбен бірге жаттығамыз»)<br>**Міндеті:** Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Жүгіру, секіру, қимылды ойындар<br>**ЕБҚ тапсырма: «Жылдам шеңберге тұр!»:**<br>**Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»**<br>Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады. **Релаксация:** «Сиқырлы ұйқы». Музыка әуенімен демалады<br>**Кері байланыс** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі | **Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі |
| **Серуен** | | | | |
| **Балалардыңү йгеқайтуы** | Сауболыңыз! | Кездескенше! | Ертеңгедейін,...! | Амандықтажолығайық! |